

- 4 Юсифли Джаванишр. Поэтика памяти. Баку: "Ганун", 2006. – 82 с
- 5 Рзаев Яшар. Художественное выражение и национально-освободительное сознание. Баку: "Нурлан", 2007. – 152 с.
- 6 Улусель Рагиб. Башни одной крепости. Баку: "Наука и образование", 2017. – 211 с.
- 7 Набиев Бакир. Избранные произведения. Том II, "Чинар-чап", 2004. – 558 с
- 8 Гюн Нуренгиз. Ходжалинская симфония. Баку, Издательство "Вектор", 2006. – 84 с.

References:

- 1 Gabibbeili Isa. Slavnyi put nezavisimosti i literatura nezavisimosti. // Literatura epohi nezavisimosti Azerbajdžana. Tom I, Baku: "Nauka i obrazovanie", 2016. – 800 s
- 2 Basirov Sabir. Putnik bezgranichnoi dusi. Baku: "Pravo", 2006. – 220 s.
- 3 Rustamhanly Sabir. Lubov navsegda. Baku: "Obrazovanie", 2012. – 576 s.
- 4 Iusifli Javansir. Poetika pamAti. Baku: "Ganun", 2006. – 82 s.
- 5 Rzaev Iasar. Hudojestvennoe vyrajenie i nasonAlno-osvoboditelnoe soznanie. Baku: "Nurlan", 2007. – 152 s.
- 6 Ulusel Ragib. Basni odnoi kreposti. Baku: "Nauka i obrazovanie", 2017. – 211 s.
- 7 Nabiev Bakir. Izbrannye proizvedenia. Tom II, "Chinar-chap", 2004. – 558 s.
- 8 Gun Nurengiz. Hojalinskaia simfonia. Baku, Izdatelstvo "Vektor", 2006. – 84 s.

МРНТИ 17.09.91

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.44>

Нурланова А.Н.,¹ Мешимбаева Б.Ш.²

^{1,2} Қазақстан-Американдық еркін университеті,
Өскемен, Қазақстан

АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМДІ ТОҒЫСТЫРҒАН АР ІЛІМІ

Аңдатпа

Абай мен Шәкәрім шығармашылығы – сан кырынан қарап, тереңдікпен үңілуді қажет ететін ерекше құбылыс. Мақалада екі ақын туындыларындағы ар ілімінің тоғысуы, әдеби сабақтастық пен рухани тұтастық мәселесі Шәкәрімнің "Еңлік-Кебек" поэмасына талдау жасау арқылы сараланған. Автор "Еңлік-Кебек" сюжетіне арналған шығармалар - "Дала уалаятының газетінде" жарияланған "Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз" және "Қазақ турасынан хикая" атты екі әңгіме мен Мағауияның, Шәкәрімнің "Еңлік-Кебек" поэмалары және М. Әуезовтің "Еңлік-Кебек" пьесасын талдау барысында әр суреткердің шығармашылық ұстанымы, идеялық-эстетикалық талабы, ол өмір сүрген дәуір мен ортаның талғамы және болған оқиғаға автордың өз үкімімен қатар қаламгерлік қарымын да танытады. Зерттеу барысында осы нұсқалардың барлығы Абай дәстүрі, Абайдың ақындық айналасы тұрғысынан қарастырылған.

Түйін сөздер: ар ілімі, рухани үндестік, әдеби сабақтастық, поэма, Абайдың ақындық айналасы, гуманизм

Nurlanova A.,¹ Meshimbaeva B.²

^{1,2} Kazakh American Free University,
Ust Kamenogorsk, Kazakhstan

THE CONSCIENCE THAT UNITED ABAY AND SHAKARIM

Abstract

The work of Abay and Shakarim is a unique phenomenon that requires a careful examination of the various aspects. The article addresses the problem of spiritual harmony, literary continuity and spiritual integrity in the works of the two poets, by analyzing Shakarim's poem "Enlik-Kebek". The author composed works for the plot "Enlik-Kebek" - two stories "One word that the Kazakhs cannot forget" and "A tale of Kazakh language" and poems by Magauiya, Shakarim's «Enlik-Kebek» and M. The analysis of Auezov's play "Enlik-Kebek" reflects the creative approach, ideological and aesthetic requirements of each artist, the taste of the epoch and the environment in which he lived, and the author's attitude to the incident, along with his own judgment. During the research all of these variants were considered from the perspective of the Abay tradition, from the poetic circle of Abay.

Keywords: conscience, spiritual harmony, literary succession, poem, poetic circle of Abay, humanism

Нурланова А.Н.,¹ Мешимбаева Б.Ш.²

^{1,2} Казахстанско-Американский свободный университет,
Усть-Каменогорск, Казахстан

УЧЕНИЯ О ПРАВСТВЕННОСТИ, ОБЪЕДИНЯЮЩИЕ АБАЯ И ШАКАРИМА

Аннотация

Творчество Абая и Шакарима - особое явление, требующее глубокого осмысления. В статье проанализированы вопросы преемственности и духовной целостности в произведениях двух поэтов путем анализа поэмы Шакарима "Енлик-Кебек". Анализируя поэмы Мағауи и Шакарима "Енлик-Кебек", пьесу М.Ауезова "Енлик-Кебек", а так же два рассказа "Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз" и "Қазақ турасынан хикая" опубликованные в газете "Дала уалаятының газеті" автор показывает творческий подход каждого художника, идейно-эстетические требования эпохи. В ходе исследования все эти варианты были рассмотрены с точки зрения поэтических круга и традиций Абая.

Ключевые слова: учения о нравственности, духовное созвучие, литературная преемственность, поэма, поэтическая среда Абая, гуманизм

Кіріспе. Қазақ – ежелден көшпелі халық. Ал көшпенділердің өз заңы, қалтқысыз салт-санасы бар. Елдің бірлігіне нұқсан келтірмей, ханды сыйлатып, батырды құрметтегіп, халықтың бүтіндігін бұздырмай келген заңнан бетер мықты бұлжымас дәстүрі мен салты бар екені белгілі. Сол салт қазақтың ұлттық бет-бейнесін, бар ізгі қасиеттерін сақтап, ұрпақтарды тәрбиелеп, қазақ деген халықты заманнан заманға жетелеп келеді. Салттың сақшысы болған тарихтың сом тұлғалдарының бейнесін ел жадында жаттап, жас ұрпаққа жеткізеді. Бұл ретте, ұлттық әдебиеттің алар орны зор. Әдебиет арқылы бүгінгі жас буын тарихты тани алады.

Қазақ әдебиеті он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмасыншы ғасырдың басында жаңа бір белеске көтерілді. Әдебиеттің тақырып аясы кеңейіп, жанрлық жағынан байыды. Ежелгі шығыстық үлгіде дамыған дастан жанры жаңа бір деңгейде көтеріліп, қазақ өмірін, қазақ тарихын суреттейтін поэмалар жазыла бастады. Ол поэмалардың әдебиетке нықтап енуіне түрткі болған - Абай және оның әдеби ортасы. Сол ортада туған поэмалардың бірі – Еңлік пен Кебектің мұңғы махаббат тарихына арналған шығармалар.

Осы ретте, біздің зерттеуіміздің мақсаты – Еңлік пен Кебек оқиғасын арқау еткен шығармаларды Абайдың ақындық айналасы, Абай дәстүрі, Абай мен Шәкәрімнің көзқарастарындағы ар категориясының тоғысуы, әдеби байланыс, рухани сабақтастық аясында қарастыру; Шәкәрімнің шабытынан туған бұл шығармада Абайдың гуманистік көзқарасының ізі жатқанын көрсету.

Абай қазақ әдебиетінің жаңа биікке, жаңа бір биікке көтеріп, тың арнаға әкеліп қойған жоқ, артына тау сілеміндей мол әдеби дәсүр қалдырып кетті. Ақынның гуманизмі оның шәкірттерінің шығармаларында моншақтай шашылып, олар өз кезегінде қазақ әдебиетінің жауһарларын құрайтын гауһар тастарға айналды. Ол жанр жағынан ғана емес, әдеби жаңа әдіс, тың тақырып, идеяларға да қатысты. Абайдың көкейінде туған, Абай шығармаларында дәріптелген ар ілімі Шәкәрім поэзиясында, Шәкәрімнің философиялық прозасында жалғасын тапты. Біз бүгін ақын інінің шығармашылығындағы бір ғана мысал «Еңлік-Кебек» поэмасына тоқталу арқылы осы ұстанымды дәлелдегіміз келеді.

Шәкірттің алар асулары тікелей ұстазының жол көрсетуімен бағыт-бағдарымен басталды. Халық Ш.Құдайбердіұлының А.Құнанбаевтың ізін жалғастырушы ретінде таниды. Бұл жерде туындайтын ендігі бір мәселе – Абай бастаушы болса, рухани арпалыс пен халықтың жан дүниесін ағартуға бүкіл өмірін сарп етіп, оны еңбектерінде жазып, поэзиясында жырлаған данышпан ақын, тарихшы Ш.Құдайбердіұлы – дамытушы. Ағасы, әрі тәлімгер ұстазының берген орынды кеңестерінің арқасында ол ғылым мен білімге баса назар аударып, Абай бастаған істі жалғастырып, оған көрік қосып одан сайын дамыта түсті

Әдістеме. Еңлік пен Кебек оқиғасы араға бір ғасыр салып Абай және оның ақын шәкірттерінің қаламында Ұлы ақынның ұйытқы болуымен қазақ әдебиетінің биіктерін бағындыруға ұмтылған жас буынның талқысына түсті. Ол шығармалар – Шәкәрім Құдайбердіұлының "Еңлік-Кебек" поэмасы мен Мағауия Абайұлының осы аттас дастаны, "Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз" және «Қазақ турасынан хикая» атты "Дала уалаятының газетінде" жарияланған екі әңгіме. Кейіннен қазақтың тағы бір кемел жазушысы Мұхтар Әуезовтің "Еңлік-Кебек" пьесасын жариялады.

Ел аузында аңыз мен ақиқаты аралас жүрген оқиғаның қазақ әдебиетіне қоныс аударуына тікелей Абайдың ықпалы болған. Бұл жерде ақын бір жағынан аз ауыл тобықтысы ғана емес, бүкіл елдің бүтіндігін бұзбау үшін «бұзақы», «салтты бұзушылар» атанып, ат құйрығына байланып кете барған екі ғашық – Еңлік пен Кебектің пәк махаббатын ақтап алғысы келсе, екінші жағынан алыстан емес, өз елінде, тобықтысында болған тарихи негізі бар оқиғаны тақырып етіп бере отырып, жас дарындардың қаламын ұштағысы келген де болар.

Бір ғана оқиға бірнеше жанрлағы көркем шығармаларға арқау болды. Ол шығармалардан ақынның немесе жазушының өмір сүрген заманының барысы, дәуірдің талабы мен талғамы, әр қаламгердің азаматтық ұстанымы мен шығармашылық әдіс-амалы, идеялық байламы мен эстетикалық көзқарасы, болған оқиғана өз үкімі көрініс

тапқан. Қалай дегенмен де, адам – өз заманының перзенті, өз дәуірінің ұлы. Ал әр заманның өз құндылығы, өз заңы, өз талап-талғамы бар. Ендеше, Еңлік пен Кебек туралы шығармалардың астарында қазақтың сенімі мен, дүниетанымы, тарихи суреттерімен қатар, әр қаламгердің өзіндік ұстанымы мен дәуір көрінісі бар.

Абайдың ақынның ортасында өрбіген бұл сюжеттің айналасына оның шәкірттерін тоғыстырған дүние – рухани әлемнің Абаймен жақындығы, көзқарастардың үйлесуі, мақсаттың, мүдденің ортақтығы. Аға ақынның ізгілік, ар ілімін жалғастырушы жаңа бір толқынның әдебиетке келуінің көрінісі.

Осы тұрғыда профессор Б.Әбдіғазизұлының мына бір пікірі ойымызды негіздей түседі: "Ұлттық әдебиетіміздің арғы-бергі тарихына үңілсек, оның ең бірінші кемелдену биігі Абай есімімен, ұлы ақын өмір сүрген он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің даму үрдістерімен тұспа-тұс келеді. Сол дәуірдегі көркемсөз өнерінің ғажайып айдынына алып шығар қуатты ағыстың бастау көзі, қайнап шыққан бұлағы Абай поэзиясы болды" [1, 117].

Бұл шығармалар арқылы қазақтың Қозы мен Баян, Жібек пен Төлеген сияқты ғашықтық символдарының қатарына Еңлік пен Кебектің образы қосылды. Олардың сүйіспеншілігі туралы бес бірдей шығармада қазақ әдебиетін толықтырды. Мұның өзі бұл оқиғаның ел арасына кең таралып, салмақты орын алғанын көреміз [2, 19].

Нәтижелер. Жоғарыда атап көрсеткендей, Еңлік пен Кебек сюжетіне жазылған алғашқы шығармалар прозалық үлгіде, араға бір ғасыр салып, яғни 1892 жылы "Дала уалаяты газетінің" 29, 31, 32, 34 – 40 – сандарында жарық көрді. Бұл шығармалардың авторы "Ұмытылған" деп қол қойылыпты. Ал шығарманың өзі екі тілде жазылған – "Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз" және "Незабытое прошлое и настоящее киргизов" [3, 640].

Еңлік пен Кебек туралы шығармалардың түп негізі осы прозалық нұсқада болса керек. Кейбір зерттеушілер бұл нұсқалардың авторы Абай деген де болжам айтады. Бұл шындыққа саяды. Себебі, оқиға Абайдың елінде, тобықты жерінде болған. Ескі салттың құрбаны болып кете барған екі қыршынды оқиғасына, Кеңгірбай сияқты бидің шығарған шешіміне Абайдың да өз айтары, өз үкімі бар шығар. Келесі бір пікірлер әңгіме авторлығын Шәкәрімге тағады. Оған мұрындық болған "Ұмытылған" деген авторлық Шәкәрімге де тиесілі болғандығы.

Осы сюжет кейін тағы да Абайдың ортасында ақынның баласы Мағауиян мен ақын інісі Шәкәрімнің қаламында жаңғырып, жаңа жанрда жазылды. Ол – поэма жанры.

Аға ақын Абай бұл жанрдың томағасын сыпырып беріп, шығыстық негіздегі нәзирашылдық дәстүрді жаңғыртса, оның шәкірттері поэмаға қазақи сюжет беріп, қазақтың ортасын әкелді. Осылай, Еңлік-Кебектің келесі нұсқалары қазақ әдебиетінде жаңа қанат жайып келе жатқан поэма жанрында жарық көрді. Екі поэманың сюжеті бір болғанмен, екі ақынның үкімі басқа, байламы бөлек.

Мағауия Абайұлы Абай сынаған қоғамға үкім айтып, Кеңгірбай қылығын жаттады. Тобықтының атасы Кеңгірбайды паракор би деп даттап, ел ағаларын сынады. Сол арқылы өзі өмір сүріп отырған заманның осал тұстарын көрсетуге ұмтылды. Дегенмен, Мағауия поэмасы өз заманында кең тарай қоймады. Себебі, аруағына құдайдан сенген Кеңгірбайдай бидің бұл образын Мағауияның ортасы қабылдай қоймады. Поэмадағы көркемдік шындықтың сол уақыттағы қоғам санасына жат көрініп, ата-баба аруағының беделі түспей тұрған шақтағы олардың датталуына жол берілмеуінен де болар [2, 27]. Бір ғасыр өткен соң Еңлік-Кебек сюжеті тағы да жаңғырды. Бұл ретте басқа жанр, тағы да қазақ даласы, қазақ әдебиеті үшін жаңа, жат жанр – драма үлгісінде жарық көрді. Тағы да сол Абайдың ортасы, тобықтының жерінде, ақын Абайдың жолдасы Әуез қарттың немересі М.Әуезовтің қаламынан шықты. Екі алып - Абай мен М.Әуезов арасындағы рухани үндестік, көркемдік сабақатстық мәселесін зерттеуші ғалым А.Картаеваның пікірінше, олардың рухани байланысы екі алыптың адамгершілік мұраттарының ортақтығында жатыр [4, 362].

Еңлік пен Кебек оқиғасына бала Мұхтар жас кезінен қанық екені даусыз. Абай сепкен нәр, Абай берген тәлім талай алыптың қайнар бастауына айналып, осы тақырып кейіннен оның тырнақалды туындыларының түрткі болуы заңды да. Кейіннен дәл пьесаның тұсауы Абайдың шаңырағы – Әйгерімнің отауында кесілді. Бұл пьесаның кейіпкерлері қатаң салт-дәстүр, қатал билеушілерге қарсы шығып, табандылық танытады, бірақ соңында заманынан, ортасынан жеңіліп тынады. Алайда, олар рухани жағынан жеңісті иеленді. Кеңестік тоталитарлық кезеңнің қаны тамып тұрған дәуірде М.Әуезов тарихи шығарманы жаңғыртып, бұрынғы өткен замандар сюжетін сахнаға шығарды. Осылайша, Еңлік-Кебек сюжеті М.Әуезов қаламында классикалық деңгейдегі шығармаларын қатарына көтерілді.

Талқылау. Абай мен Шәкәрім қаламы, Абай мен Шәкәрім әлемі. Бұл әлемнің, екі ақынның ар туралы ілімінің тағы бір тоғысқан тұсы осы Еңлік-Кебек оқиғасымен байланысты. Абайдың елінде болған оқиға сол ортада қайнап, сол ортада әдебиетке қоныс аударды. Ол оқиғаны мәңгілік еткен туындылардың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының "Еңлік-Кебек" поэмасы болатын.

Шәкәрімнің шешімі бөлек. Ол аға ақынның ар іліміне терең бойлаған, оны өзінше өрге сүйрей білген ақын.

*...Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр баралық!
...Білімді сол кісіден ізденелік...
...Бұл Абай саудагер зой ақыл сатқан,
Әр түрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді,*

Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан [5, 11],

- деп Шәкәрім ақын Абайдан үлгі алуға шақырады.

Абай ақын інісінің қаламы арқылы Еңлік пен Кебекті ақтап қалып, гуманизмнің шыңынан көрінді. Екі ақынды тоғыстырған ар ілімі бұл жерде де көрініс тапқанын байқаймыз. Абай да, оның ақын інісі Шәкәрім де ұлы гуманист ретінде адамды, оның рухани әлемін, жеке басының азаттығын бәрінен жоғары қойды.

Шығыстың батыстан бұрын болып қойған ояну дәуірінің шайырлары мен батыс гуманистерінің шығармаларымен сусындаған екі ақын махаббат деген ұлы сезімді ақтап ала отырып, тобықтының ақсақалы Кеңгірбай бидің лажсыздықтан жасаған үкімінің де себебін береді.

Шәкәрім поэмасының "Өңгіме алдындағы аз сөз" деп аталатын кіріспесіне тоқталайық. Ақын мұнда қазақтар мен қалмақтар арасындағы қақтығыстар, өз қазақтың он сегізінші жасырдағы ахуалы, тарихи оқиғалар, тобықтылардың Шыңғыстауға келу тарихына нақтылы дәлдікпен фактілер келтіре отырып, шолу жасаған. Осылайша, ақын арыдан қозғайды. Еңлік пен Кебекке айталар үкімнің де түп-тұқиянын заманның зарына әкеліп тірейді. Кейіпкерлер арасындағы қақтығыстардың да түп мәні осында дегендей мегзейді.

Ақын поэмасының тағы бір ерекшелігі – Нысан абыз аузымен айтылатын тағдыр трактовкасы:

Қара жартаст түбінде кез келеді,

Шырағым, ондай қыздан сақтанып жүр[5, 196], - деп абыз батырды сақтандырса да, бәрібір түбінде тағдыр жеңеді.

Кебек «Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан, Батырым, ондай қызға көңіл бөлме» деген балгер Нысан абыздың сөзін естисе де, Еңліктей қыз үшін өлген менде арман болмас деп соңына дейін күресуден танбайды. Екеуі тасаланып бір жартасты паналап аз да болса мәз ғұмыр кешеді, шекесі торсықтай елін қорғар батырдың ата-анасы атанып, сол баланы ермек қылып бақытты күн кешеді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында құдаласып қойған екі елдің батасын бұзу зор күнә болып есептелген. Осы тәріздес мәселелердің орын алмауы үшін ел ақсақалдары дәстүрдің бұзылмауын жіті бақылап отыратын болған. Ал билер соты болған істі тезге салып, бағынбағандарды басқаға үлгі болсын деп қатаң жазалап отырған. Сондықтан Еңлік пен Кебектің жолдан тайып, қалыптасқан салтқа ашық қарсы шығуының салдарынан жазаға ұшырауы сол заман үшін қалыпты жағдай саналады [6, 110б.].

"Махаббатсыз дүние бос" деген Абай ілімімен сусындаған Шәкәрім Еңлік пен Кебектің сүйіспеншілік сезімін суреттеуге поэмада көп орын берген. Ол пәк махаббатты адам бойындағы ізгі қасиеттердің ең биік бір түрі ретінде көрсетеді. Сезімнің еркіндігі, махаббат, ғашықтық, теңдік – Шәкәрімнің ар ілімінің бөлінбес бір бөлшегі. Ғылым жолына кеш түскен қыр қазағы Пифагор, Эпикур, Ньютон, Линней сияқты білімділердің тәжірибелері мен ғылымға енгізген жаңалықтарынан хабардар болған. Шәкәрім ар ілімінде тереңге барып, "Үш анық" трактатын жазды. Оның ұйғарымынша, ұждан тек ар-намыс қана емес, ол әрі қанағат, әрі әділет, әрі мейірім. Осы үш қасиет бірігіп барып ұжданды құрайды. Мұның адам үшін өмір сүру кезінде қажет ең басты құндылық екенін айта келіп, жаратылыс заңдылығына тоқталады. Оның негізі бөлінуге мүлде келмейтін атом жайы. Шәкәрім жаратылыстың сырын білу мақсатында "Қайта айналыс жолы", "Жаратылыс жолы", "Тұқымдастық жолы", "Дене сезімі", "Әр түрлілік" деген кішкене тақырыпшаларда әр ғалымнан мысал келтіріп, дүниенің негізін дәлелдеп береді. Шәкәрім нағыз гуманист ақын ретінде Абайдың ізімен екі ғашық жағына шығады. Дегенмен, ол ата салттың сақтаушысы Кеңгірбайды жазғырмайды да. Ол ақынға тән шеберлікпен Кеңгірбайды осы үкімге әкелген жайттарды өз арызы мен халқы алдындағы парызын таразазыға салған тұсты көрсете алды.

Шәкәрім екі жасты өлтірер тұста өзінің аяушылық сезімін жасыра алмайды:

*Жас қой деп жаны ашыған бір адам жоқ,
Қолға түскен кісіге қатын мықты*[5, 209].

Ал жиылған жұртты қаталдығы үшін сынайды:

*Көп Найман екеуіне тұр анталап,
Бейне бір соятұғын малға балап*[5, 209].

Шәкәрімнің жұрты Абай:

*Антпенен тарқайды,
Жиылса кеңеске.
Ор қазып байқайды
Туа жау емеске,*

-деп айтқан елден аттап кетпеген[7, 202].

Қазағы үшін қан жылаған Шәкәрім поэмасынан "тамақ үшін қыдырған матай" мен "тек жатпайтын" жұртты, өз батырына өзі жау болған қауым мен обалды білмейтін "өшіккен елді" көреміз.

Қорытынды. Сонымен, Шәкәрімнің Еңлік пен Кебек жайлы поэмасынан Абай мен Шәкәрімнің шығармашылығындағы рухани сабақтастық, ар ілімінің үндестігін көре аламыз.

Иә, "Қазақ поэзиясындағы Абай поэзиясынан нәр алып, Абай дәстүрін жалғастырып, жыр жазбаған ақын жоқ" [8, 221].

Абай мен Шәкәрімнің рухани жақындығы - ағалі-інілі туысқандық қатынас емес, философиялық дүниетанымдарының туыстығы ойларының бір арнаға келіп тоғысуы, ар сезімі мен ақиқат ілімі, ізгілік пен адамзаттық құндылықтар жүйесіндегі дүниетаным үйлесімі. Он тоғызыншы ғасырдағы Абайдың ауылы қазақ

өнері мен поэзиясының орталығына айналғаны рас [9, 212]. Абай тағылымы Шәкәрімнің рухани әлемінен көрініс тапты, Абайдың адамгершілік тұрғысындағы идеялары Шәкәрім шығармашылығы арқылы жаңа биікке көтерілді. Бұған Шәкәрімнің "Еңлік-Кебекіндегі" авторлық шешім дәлел.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы Абай ауылы қазақ жұртының бай өнері мен поэзиясының орталығына, ұлттық мәдениетті өркендету мен насихаттаудың рухани мектебіне айналды

Шәкәрімнің аталмыш поэмасы Абайдың көзі тірісінде жазылды. Бүкіл тобықты сыйынған Кеңгірбайдай әулиені парақор би етіп көрсеткен Мағауияның «Еңлік-Кебек» поэмасынан кейін осы оқиғаны Шәкәрімге жаздырта отырып Абай оқиғаның ақ-қарасын шешкізді. Жоғарыда аталған бес нұсқаның қайсысын алсақ та, қыз бен жігітті құрбан еткен жан – Кеңгірбай би. Бірақ Шәкәрім ақын ұстазының үдесінен шығып, екі ғашықтың қанын бір Кеңгірбай емес, оның заманына, тарихтың шырғалаңына, қазақ қоғамына арттырды.

Абайдың ар ілімінен сусындаған Шәкәрім ақын "Еңлік-Кебек" поэмасында адалдық пен арлылықты, кемеңгерлік пен кемелдікті, сүйіспеншілік пен ізгілікті келешек ұрпақ бойына тарих тағылымы арқылы дарытады. Ендеше, Абай мен Шәкәрім поэзиясындағы ар мәселесі ары қарай да зерттеуді қажет ететін терең тақырып екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім поэзиясының көркемдік қайнарлары.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003.-144 б.
- 2 Нурланова А. "Еңлік-Кебек" сюжеті әдеби және тарихи контексте. – Өскемен: Қазақстан-Американдық еркін университеті, 2014. – 150 б.
- 3 Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар(1888-1894). Құрастырушы: Ү.Субханбердина. - Алматы: Ғылым, 1989.- 656 б.
- 4 Картаева А.М. Абай мен Мұхтар Әуезов: рухани сабақтастық пен көркемдік тұтастық. – Алматы: Жания-Полиграф, 2010.–380 б.
- 5 Шәкәрім. Қазақ айнасы: Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы: Атамұра, 2003.-296 б.
- 6 Сыдықов Е. Шәкәрім. – Алматы: Ғылыми-танымдық басылым, 2013. – 441 б.
- 7 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.-Алматы: Жазушы, 1995. Т.1.-336 б.
- 8 Кожекеева Б.Ш., Бегманова Б.С. // Абай мен қазіргі қазақ поэзиясындағы үндестік // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы – 2019. – # 2(68). – Б.220-224.
- 9 Әбдіғазизұлы Б., Найманбаев А.Абай сөзі – ұлты руханиятының ұлы бағдары // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы – 2019. – # 4(74). – Б.211-214.

References:

- 1 Abdigaziuly B. SAKArım poeziasynyn korkemdik Kainarlary.- Karagandy: BolasaK-Baspa, 2003.-144 b.
- 2 Nurlanova A. "Enlik-Kebek" sujeti Adebі jAne tarihi kontekste. – Oskemen: Kazakstan-AmerikandyK erkin universiteti, 2014. – 150 b.
- 3 Dala ualaiatynyn gazetі. Adebі nusKalar(1888-1894). Kurastyrusy: U.Subhanberdina. - Almaty: Gylym, 1989.- 656 b.
- 4 Kartaeva A.M. Abai men Muhtar Aueзов: ruhani sabaKtastyK pen korkemdik tutastyK. – Almaty: Jania-Poligraf, 2010.–380 b.
- 5 SAKArım. Kazak ainasy: Olender men poemalar.-Almaty: Atamura, 2003.-296 b.
- 6 SydyKov E. SAKArım. – Almaty: Gylymi-tanymdyK basylym, 2013. – 441 b.
- 7 Abai (Ibrahim) Kunanbaiuly. Sygarmalarynyn eki tomdyK tolyK jinagy.-Almaty: Jazusy, 1995. T.1.-336 b.
- 8 Kojekeeva B.S., Begmanova B.S. // Abai men Kazırgı Kazak poeziasyndagy undestik // Abai atyndagy KazUPU-dyn Habarsysy. Filologia gylymdary seriasy – 2019. – # 2(68). – B.220-224.
- 9 Abdigaziuly B., Naimanbaev A.Abai sozi – uly ruhaniatynyn uly bagdary // Abai atyndagy KazUPU-dyn Habarsysy. Filologia gylymdary seriasy – 2019. – # 4(74). – B.211-214.

МРНТИ 17.07.41

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.45>

Оралова Г. С.¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан, Қызылорда

ЕРІМБЕТ КӨЛДЕЙБЕКҰЛЫНЫҢ АЙТЫСТАҒЫ ОРНЫ

Андатпа

Мақалада Ерімбет Көлдейбекұлының айтыстағы орны айқындалады. Ерімбет ақынның жазбаша айтыс қалыптастырған ақынның даралық сипаты, айтыстарының мәні, көркемдігі талданады. Ерімбет Көлдейбекұлының хат жанрындағы шығармаларының жанрлық, танымдық сипаты зерделенеді.

Ерімбет Көлдейбекұлының жазбаша айтыстары арқылы ұлт әдебиетіне, мәдениетіне, руханиятына қосқан үлесі бағаланады.

Ерімбет ақынның айтыстарының жұмбақтасу мен шешу жүйесімен жырланған шығармаларының дүниетанымдық сипаты дәлелденеді. Ерімбет Көлдейбекұлының жұмбақ айтыстарының белгілі бір әдеби шығармашылық ортаның сабақтастығын танытатын ерекшелігі сараланып, жұмбақ айтысын жасап, оны шешу аясындағы басалқы айтушы ақындар дәстүрінің табиғаты дәйектеледі. Жазбаша айтыстарының идеялық-композициялық желісіндегі қазақ халқының жыраулық-ақындық, шешендік дәстүріндегі ағартушылық бағыттағы тұлғалардың ұстаздық тұлғаларының дәріптелу дәстүр көрінісіне сипатама жасалынған.

Ерімбет Көлдейбекұлы шығармашылығындағы жазбаша айтыстарының тәрбие, тәлімгерлік мәнді шығармалар екендігі сараланады. Ерімбет ақынның өзі өмір сүрген дәуірдің әдеби сыншысы ретіндегі шығармашылық даралық сипаты, поэтикалық тіл қолданыстарының мәні айқындалады. Ақындық ойды кеңейте түсу үшін қолданылған халық даналығы үлгілері мақал-мәтелдерді шеберлікпен үйлестіре қолданудағы шеберлігі дәстүр жалғастығы аясында қарастырылады.

Түйін сөздер: дәстүр, ақындық мектеп, дүниетаным, ұлттық ерекшелік, стиль, ұлттық сипат, жазба айтыс, жұмбақ айтыс, хат-өлең

Oralova G.¹

*¹Korkyt ATA Kyzylorda University,
Kyzylorda, Kazakhstan*

YERIMBET KOLDEYBEKULY'S ROLE IN AITYS

Abstract

The article analyzes the role of Yerimbet Kuldeybekuly in aitys. The individual character of the poet, the essence and art of execution in the written aitys of Yerimbet Akyn were determined. The genre and cognitive nature of Yerimbet Kuldeybekuly's works in the field of letters is studied.

Yerimbet Kuldeybekuly's contribution to the literature, culture and spirituality of the nation is determined through written aitys.

The worldview of Yerimbet's creativity, performing aitys according to the system of riddles and answers, is analyzed. The peculiarities of Yerimbet Kuldeybekuly's enigmatic aitys, which show the continuity of a certain literary and creative environment, are analyzed, the nature of the tradition of the leading poets in the creation and solution of the enigmatic aitys is confirmed. In the ideological and compositional network of written aitys the description of the tradition of glorification of pedagogical personalities of the enlightened persons in the Zhyrau-poetic, oratory tradition of the Kazakh people is described.

The aesthetic meaning of the poetic linguistic use of the aitys of Yerimbet akyn, the semantic meaning of the figurative word usage are highlighted. The nature of the creative individuality of the poet Yerimbet as a literary critic of the epoch in which he lived, the essence of the use of poetic language was determined. The examples of folk wisdom used to expand the poetic thought were considered in the context of the continuation of the tradition of skillful use of proverbs in combination with skill.

Keywords: tradition, poetic school, worldview, national identity, style, national character, written aitys, mysterious aitys

Оралова Г.С.¹

*¹Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Кызылорда, Казахстан*

РОЛЬ ЕРИМБЕТА КУЛЬДЕЙБЕКУЛЫ В АЙТЫСЕ

Аннотация

В статье анализируется роль Ерімбет Кулдейбекулы в айтысе. Определен индивидуальный характер поэта, сущность и искусство исполнения в письменных айтысах Ерімбет ақына. Изучается жанровая и познавательная природа произведений Ерімбет Кулдейбекулы на письме. Вклад Ерімбет Кулдейбекулы в литературу, культуру и духовность нации формируется в письменных айтысах.

Проанализировано мировоззрение творчества Ерімбет, исполняющего айтыс по системе загадок и отгадок. Идет разбор особенностей айтыс-загадок Ерімбет Колдейбекулы, демонстрирующий преемственность определенной литературно-творческой среды, подтверждается характер традиции ведущих поэтов в создании и разрешении айтыс-загадок. В идейно-композиционной линии письменных айтысов дается описание традиции прославления передовых деятелей просвещения в жырау-поэтической, ораторской традиции казахского народа.